



ОҚЫТУ ТЕОРИЯСЫ

Әлеуметтік таным теориясы





Жоспары:

1. Оқытудың концептуалдық негізі.
2. Өзара әрекеттесу.
3. Үйрену мен әрекет ету.
4. Танымдық дағдыларды үйрену.

Альберт Бандура 1925 жылы Канаданың Альберта қаласында дүниеге келді. Ол 1941 жылы Айова университетінде клиникалық психология саласы бойынша докторлық атағын алады. 1950 жылы Стэнфорд университетіне келгеннен кейін, әлеуметтік мінез-құлыққа әсер ететін факторларды зерттей бастады. Ол түрлі дағдыларды, тәсілдерді және мінез-құлықтарды қамтитын бақылау арқылы білім алудың жан-жақты теориясын жасап шығарды. 1963 жылы Ричард Уолтермен бірлесе отырып жазған «Әлеуметтік оқыту және жеке тұлғаны дамыту» деп аталатын кітаптан бастап, басқа да бірнеше кітаптар жазды. Бандураның (1986) түсіндіруі бойынша: Әлеуметтік танымдық теорияның ерекшелігі оның өзіндік басқару кезінде атқаратын басты рөлімен байланысты. Адамдар басқалардың көңілінен шығу үшін әрекет етпейді. Бандура адамның мінез-құлық, сыртқы факторлар, таным сияқты 3 сипатын жан-жақты талдайды.

Білім алуда қиналатын оқушыларға жасаған зерттеулер өзіндік сенімділік пен сыртқы факторлардың өзара әрекеттесетіндігін анықтады. Көптеген оқушыларда мұндай жақсы нәтиже көрсете алмауына байланысты өзіне сенімділік сезімі төмен болады (Лихт & Кистнер, 1986). Әлеуметтік ортада оқушыларға деген көзқарас олардың нақты қабілетіне емес, керісінше, оқуда қаншалықты қиналатындығына байланысты қалыптасады. Кейбір мұғалімдер, мысалы, ондай оқушыларды сабақта қиналмайтын оқушылардан қабілеті төмен деп көреді. Осыған байланысты, ондай оқушылар жақсы білетін салалардың бар екендігіне қарамастан, жалпы білім беру мәселесінде олардан аса көп үміт күтпейді (Брайан & Брайан, 1983). Өз кезегінде, мұғалімнің мұндай пікірі баланың өзіне деген бағасына әсер етеді. Мұғалімнің оқушыға «Сенің қолыңнан келетініне сенемін» деген бір ауыз сөзі оқушыда жетістікке деген сенім сыйлайды.

Оқушының мінез-құлқы мен мектептегі орта бір-біріне көп жағдайда әсер етеді. Мұғалім қандай да бір ақпаратпен бөлісу үшін оқушыдан слайдқа қарауын өтінді деп көрелік. Саналы түрде болмаса да оқушы слайдқа қараған кезде қоршаған ортаның мінез-құлыққа әсері орын алады. Оқушылардың мінез-құлықтары әдетте білім беру ортасын өзгертеді. Мұғалімнің сұрағына оқушы қате жауап берсе, мұғалім сабақты ары қарай жалғастырудың орнына кейбір нәрселерді қайта түсіндіруі мүмкін. Қоршаған ортаның әсері әлсіз болса, тұлғалық факторлар артықшылыққа ие болады. Мысалы, өз қалаған тақырыбы бойынша шығарма жазуға тапсырма берілсе, оқушы өзінің жақсы көретін тақырыбын таңдап алары сөзсіз. Ал өртке оранған үйдегі адам ол үйден тез шығуға талпынады. Демек, қоршаған орта мінез-құлықты бағындырады.

Көп жағдайда үш фактор бір-бірімен байланысты. Мұғалім сабақ үйретіп жатқан кезде балалар оның не жайлы айтып жатқаны туралы ойлап отырады. Сабақты түсінбеген бала қолын көтеріп, сұрақ қояды (таным мінез-құлыққа әсер етеді). Мұғалім сабақ мазмұнын қайталап шығады (мінез-құлық қоршаған ортаға әсер етеді). Сабақты түсіндіріп болған соң, мұғалім оқушыларға тапсырма береді. Оқушылар тапсырманы орындап жатқан кезде өздерінің дұрыс орындап жатқанына сенімді болады (мінез-құлық танымға әсер етеді). Оларға тапсырма ұнайды, сондықтан, олар мұғалімнен ары қарай жалғастыруға бола ма деп сұрайды, ал мұғалім рұқсат береді (таным қоршаған ортаға әсер ететін мінез-құлыққа әсер етеді). (Ой мен әрекеттің әлеуметтік негіздері А. Бандура © 1986. Pearson Education, Upper Saddle River, Нью-Джерси).

Басқаларды бақылау және өзі әрекет ету арқылы білім алу

Әлеуметтік танымдық теория бойынша оқыту дегеніміз ақпаратты өңдеу әрекеті. Әрекет ете отырып білім алу дегеніміз, адамның әрекет нәтижесінен үйрену деген сөз. Мәселен, тапсырманы жақсы орындайтын немесе мақтау алған адамдар өздерінің дұрыс жасағанын түсінеді. Адамдар қателессе немесе жазаланса олар өздерінің қандай да бір істі дұрыс жасамағанын біледі және мәселені шешуге тырысады. Кез келген нәтиже де адамдарды ынталандырады. Адамдар өздері жоғары бағалайтын және оң нәтижеге алып келеді деп



сенетін мінез-құлықты үйренуге талпынады, ал жазаға алып келетін әрекетті үйренуден бас тартады. Демек, оқытуға салдар емес, адамның танымы әсер етеді.

Білімнің көбін адамдар білім алу барысында ашық әрекетке бармай-ақ үйренеді. Мұндай оқытудың түріне өздерімен бірге жүрген адамдарды бақылап немесе тыңдау арқылы немесе символикалық немесе адамнан басқа тіршілік иелерін (мыс., сөйлейтін жануарлар, мультфильм кейіпкерлері) бақылау арқылы және электрондық (мыс., теледидар, компьютер, DVD), баспа (мыс., кітаптар, журналдар) арқылы білім алуды жатқызуға болады. Бақылай отырып білім алу оқыту үрдісін жеделдетеді. Мұндай тәсілдер сондай-ақ, адамдардың жағымсыз салдарларды бастан кешіруінің алдын алады. Улы жыланның шағып алуын бастан өткергеннен гөрі, басқаларға білім беріп, кітап оқып, фильмдер көру арқылы біз олардың адамдар үшін қауіпті екендігін біле аламыз.

Күрделі дағдыларды үйрену әдетте бақылау мен әрекет етумен қатар іске асады (Шунк, 2012). Оқушылар үлгілерді бақылап, дағдыларды түсіндіреді, көрсетеді және жаттығады. Тәжірибе арқылы мұғалімдер мен жаттықтырушылар оқушылардың дағдыларын жетілдіруіне көмектесе алады. Әрекет ете отырып білім алу сияқты, басқаларды бақылау арқылы білім алу бақылаушыларға ақпарат береді және оларды ынталандырады. Бақылаушылар сәтсіздіктен гөрі жетістікке әкелетін мінез-құлықтарды үйренуге бейім.

Үйрену мен әрекет ету

Әлеуметтік танымдық теория жаңадан білім алу мен сол алған білімі (мінез-құлқы) негізінде әрекет етуді бөліп қарастырады. Көп білімге біз әрекет ету арқылы қол жеткізгенімізбен, мақсат немесе бекіту болмағанның өзінде де бақылау арқылы үйрене аламыз. Үйренгендерімізді іс-жүзінде қолданамыз ба, жоқ па деген мәселе мотивация, қызығушылығымыз, әрекет етуге деген ынтамыз, қажеттілік, физикалық жағдайымыз, әлеуметтік қысым және басқа да бәсекелестік туғызатын әрекеттерге байланысты. Бекіту немесе болашақта ол әрекет орын алады деген сенім білім алуға емес, әрекетке әсер етеді.

Бақылай отырып үйрену

Кез келген оқиғаларды саналы түрде қабылдау үшін бақылаушыға зейін қажет. Тапсырманың түрі де, әсіресе көлемі, пішіні, түсі немесе дыбысы басқаша болып келетін тапсырмалар да назар аудартады. Әдетте түрлі түстер мен үлкен суреттерді қолдану арқылы мұғалімдер үлгілерді көз тартарлықтай етіп жасайды. Зейінге сондай-ақ, үлгіге сай әрекеттердің функционалдық құндылығы да әсер етеді. Бақылаушылар аса маңызды деп есептейтін үлгіге сай әрекеттер ерекше назар аудартады. Көптеген оқушылар мұғалімдердің әрекеттерін функционалдық тұрғыдан аса тиімді деп есептейді, себебі, олар оқушының білімін арттыруға бағытталған. Оқушылар сондай-ақ, мұғалімдерінің біліктілігі жоғары болғандықтан оқушылардың назарын аударады деп ойлайды. Адамның лауазымы немесе қызметі сияқты біліктіліктің таңбалық көрсеткіші мен жетістікке бастайтын әрекет біліктілік үлгісін алға жылжитатын негізгі фактор болып табылады.

Есте сақтау ақпарат үлгісін жадыда танымдық тұрғыдан ұйымдастыруды, қайталауды, кодтауды және тасымалдауды қажет етеді. Әлеуметтік танымдық теория үлгі санада бейне ретінде, вербалдық жолмен немесе екеуі арқылы да сақталады деп есептейді (Бандура, 1977b). Қайталау немесе ақпаратты менталдық тұрғыдан шолу есте сақтауда маңызды рөл атқарады. Бандура мен Джеффри (1973) кодтау мен қайталау аса пайдалы деп көреді. Ересек адамдарға күрделі қозғалыс түрлерін көрсетеді. Кейбір қатысушылар олардағы сандық және вербалдық көрсеткіштерді анықтай отырып, аталмыш қозғалыстарды көрсетілген кезде кодтайды. Ал қалғандарына кодтау тапсырмасы берілмейді, керісінше, оларға есте сақтау үшін қозғалыстарды бірнеше бөлікке бөлуге тапсырма беріледі. Қозғалыстарды көрсеткеннен кейін зерттеуге қатысушылардың бірі қозғалысты қайталай алса, біріне ондай мүмкіндік берілмейді.



Кодтау да қайталау да үлгі-оқиғаларды есте сақтауға көмектесті. Ал, кодтауға да, қайталауға да мүмкіндігі болғандардың есте сақтау мүмкіндігі жоғары болды.

Дағдылануға үлгі-оқиғалардың визуалдық және таңбалық белгілерін нақты мінез-құлыққа ауыстыруды жатқызамыз. Көптеген әрекеттерді жай бақылау арқылы үйренуге болады. Бақылаушылардың оларды қайталауы олардың аталмыш әрекеттерді үйренгендігін білдіреді. Алайда күрделі әрекеттерді тек бақылай отырып үйрену сирек кездеседі. Оқушылар әдетте күрделі іс-әрекеттерді іске асыру үлгісін бақылағанымен, оны айнытпай қайталай алмайды (Бандура, 1977b). Ол үшін оларға тәжірибе, түзету жолдарын білуі және қайта үйрету қажет.

Мінез-құлық үлгілерін қайталауға байланысты қиындықтар ақпараттың қате кодталуымен ғана байланысты емес. Ол сондай-ақ, оқушылардың жақтағы кодталған ақпаратты іс-әрекетке айналдыру кезінде қиналып жатуымен де байланысты. Мысалы, бала аяқкиімнің бауын қалай байлау керектігін былайша білгенімен, ол білімін іске асыру оған оңайға түспейді. Балалардың үйренгендерін көрсете алмай отырғандарын байқаған мұғалім оларды түрлі тәсілдің көмегімен тексеріп көре алады.

Мотивация да бақылай отырып үйренуге әсер етеді, себебі, адамдар өздері маңызды деп тапқан әрекет үлгілеріне қол жеткізуі үшін алдында айтылып кеткен үш үрдісті (зейін, есте сақтау, дағдылану) іске асыруы мүмкін. Адамдар өздері және үлгілер тап болған салдарға негіздей отырып, жаңа нәтижелер күтеді (Бандура, 1997). Олар жақсы нәтижеге жеткізеді деп сенетін әрекеттерді іске асырып, жағымсыз салдары болуы мүмкін әрекеттерден бас тартады (Шунк, 1987). Адамдар сондай-ақ, құндылықтары мен өздері бағалайтын әрекеттер негізінде әрекет етіп, көңілінен шықпайтын әрекеттерден алыс болады. Өздері айналысатын әрекеттерге қайшы келеді деп тапқан жағдайда адамдар тіпті ақшадан да, абыройдан да, биліктен де бас тарта алады. Мұғалімдер материалды оқушының қызығушылығымен байланыстыра отырып, оларға мақсат қояды және мақсат жетістігін бақылауды үйрете отырып, олардың біліктілігінің артқаны жөнінде пікір білдіре отырып және білім алудың құндылығын айта отырып, оқушыларды ынталандыра алады.

Танымдық дағдыларды үйрену

Әр жауапты бекіту мен іске асыруға ерекше ден қоятын қалыптастырумен салыстырғанда бақылай отырып білім алу оқытудың ауқымы мен жылдамдығын арттырады. Танымдық дағдылардың үлгісі сабақ барысында көрініс табады. Мұғалім игеруі қажет дағдыларды көрсетеді және түсіндіреді, содан кейін әр оқушы оған жаттығып жатқан кезде мұғалім оқушылардың дағдыларды қаншалықты дұрыс түсінгенін тексереді. Балалар қиналған жағдайда дағдыларды қайта үйретеді. Мұғалім оқушылардың сәл де болса түсінгенін байқағаннан кейін өз беттерімен жаттыға бастайды. Ал мұғалім олардың қалай жаттығып жатқанын бақылап тұрады. Демек, мұғалім белгілі бір дағдыны алдымен өзі үлгі ретінде көрсете алуы керек. Бұл туралы Дейл Шунк мынадай бір мысал келтіреді: Математикалық есептерді шығару, мәтіннің негізгі ойын анықтау, тақырыпқа қатысты сөйлем жазу, электр құрылғыларын пайдалану, баскетбол ойынында қорғана білу сияқты түрлі дағдыларды оқушыларға үйрету үшін мұғалімдер үлгілерді сабақ барысында көптеп қолданады. Мұндай үлгілерді бастауыш сынып оқушыларына дәптерлерін қалай дұрыс ұстауы керектігін үйрету үшін де пайдалана алады. Мұғалім тақтаға балалардың қолындағы дәптердің сұлбасын сызып қояды. Сосын ол сөздердің бірінен кейін бірін жазу арқылы дәптердің бетін қалай толтыру керектігін көрсетеді. Жоғары сыныптардың биология сабағы кезінде мұғалім тестіге қалай дайындалу керектігін көрсетеді. Бірнеше тарауды қайталап шыққаннан кейін ол әр тараудағы басты терминдер мен мәселелерді қалай табу керектігін түсіндіріп, көрсетеді.

Орта мектептің өмірлік дағдылар сабағында оқушылар жеңді киімге қалай тігу керектігін мұғалімнің көрсетуіне қарап үйренеді. Мұғалім жалпы үрдісті түсіндіріп, сосын көрнекіліктерді қолдана отырып, оны көрсетіп шығады. Мұғалім барлық жағдайды тігін машинасын қолдану арқылы аяқтайды. Әдістеме курсына оқитын студенттер сабақ біткеннен кейін мұғалімнің кабинетіне келіп, зерттеу жобасының нәтижелерін қалай көрсеткен дұрыс деп сұрайды. Келесі сабақ кезінде, ол өзі жасаған зерттеу жобасын қолдана отырып, қалай жобаны таныстыруға



болатынын көрсетеді. Ол үшін слайдтар мен қосымша материалдарды пайдаланады. Оқушылар көріністі дайындап жатқан кезде драма үйірмесінің мұғалімі оларға түрлі актерлік шеберлік дағдыларын көрсетеді. Ол көріністегі кейіпкерге тән дауыс ырғағын, көңіл күйді, дене қимылдарын қалай салуға болатынын да үйретеді.

Білім беру кезінде көптеген үлгілер біріктіріледі, ал зерттеулерге сүйенсек, түрлі жастың оқушылары осы үлгілерге қарап отырып, дағдылар мен тәсілдерді игереді (Хорнер, 2004; Шунк, 2012). Сонымен қатар, қосымша сабақтар жайлы бейнероликтерді бірге тамашалаған оқушылар мұндай бейнероликтерді көрмегендермен салыстырғанда білім алуға ерекше ден қойып, оны ұзақ уақыт бойы есте сақтайтындығы жайлы деректер де бар (Крейг, Чи & Ван Лан, 2009). Үлгілеудің екі маңызды қосымшасы ретінде танымдық үлгілеу мен өзіндік білімді айтуға болады.

Өзіндік білім

Өзіндік білім оқушылардың білім алу кезіндегі әрекетін реттеу үшін қажет (Мейхенбаум, 1977). Ертеректе жүргізілген зерттеу кезінде Мейхенбаум мен Гудман (1971) танымдық үлгіні екінші сыныптың арнайы білім беру тобындағы қызба балаларда өз бетімен оқу дағдысын қалыптастыру үшін қолданып көрді. Ол төменгі кезеңнен тұрды:

- Когнитивті үлгі: ересек адам белгілі бір тапсырманы орындау барысында балаға не істеу қажеттігін айтады.
- Ашық жетекшілік ету: бала ересек адамның жетекшілігімен әрекет етеді.
- Ашық өзіндік білім: бала өзіне өзі дауыстап бағдар бере отырып, әрекет етеді.
- Жартылай ашық өзіндік білім: бала өзіне сыбырлап бағдар бере отырып, әрекет етеді.
- Жабық өзіндік білім: бала өзіне іштей бағдар бере отырып, әрекет етеді.

Өзіндік білім әдетте баланың әрекет ету жылдамдығын азайту үшін қолданылады. Ересек адам сызуға байланысты тапсырманы орындау кезінде төмендегі сөйлемдерді айтады: «Сонымен, мен не істейін деп жатырмын? Сендер менің түрлі сызықтан тұратын суретті көшіргенімді қалайсыңдар ғой? Мен асықпауым керек. Сонымен төмен қарай, тағы да төмен сызық сызамын. Жақсы, әзірге бәрі дұрыс. Естеріңде болсын, асығуға болмайды. Енді артқа қарай сызамыз. Жоқ, мен төмен қарай сызуым керек еді ғой. Ештеме етпейді, сызықты өшіре саламыз... Жақсы. Қате болған күннің өзінде де мен асықпай сызуым керек. Жақсы. Осымен болды. Менің қолымнан келді». (Мейхенбаум & Гудман, 1971, 117 б.)

Үлгінің қате жасап, оны қалай түзегенін естен шығармаңыздар. Бұл қателескен жағдайда ренжіп, тапсырманы ары қарай жалғастырмай қоятын балалар үшін үйренудің маңызды тәсілі. Мейхенбаум мен Гудман (1971) танымдық үлгінің жауап беру уақытын баяулататынын бірақ, өзіндік білім қателерді азайтатынын байқаған. Өзіндік білімді түрлі тапсырмалар арқылы түрлі оқушыларға қолданып көрді (Фиш & Перван, 1985). Бұл әсіресе білім алу қабілеті төмен оқушыларға (Вуд, Розенберг & Карран, 1993) түрлі тәсілдерді үйретуде ерекше қажет. Оқып үйрену дағдысын қалыптастырудың алдында мынандай тапсырма берген жөн: «Мен не істеуім керек? Мен параграфтағы негізгі сөйлемді табуым керек. Негізгі сөйлем дегеніміз параграфтың негізгі ойын білдіретін сөйлем. Мен барлық сөйлемдерді қорытындылап, параграфтың не жайлы екендігін айтып бере алатын сөйлемді іздеуім керек» (МакНейл, 1987, 96 б.). Қиындықты еңсеруге арналған сөйлемдерді («мен оны әлі тапқан жоқпын, бірақ ештеме етпейді») де үлгі арқылы көрсетуге болады.

Қимыл дағдыларына үйрену

Жеке адамдар қандай да бір әрекетті іске асырмас бұрын оның менталдық үлгісін жасап алады. Мысалы, теннис ойнап жатқан адамдарды бақылай отырып, олар теннис добын лақтыру, қабылдау, сол қолмен ұру сияқты тәсілдердің менталдық үлгісін жасайды. Мұндай



менталдық үлгілер жетілмеген, оларға жаттығып, қажет болған жағдайда түзету керек, бірақ, қалай болғанда да олар дайындық барысында дағдыларды жақсырақ игеруге көмектеседі.

Бақылай отырып үйренудің білім алуға да пайдасы зор. Баскетбол ойнауға үйрету үшін дене шынықтыру сабағының мұғалімі оқушыларға қозғалмай тұру, допты жерге ұра жүріп қозғалу сияқты дағдыларды қалыптастыратын жаттығулардан бастай алады. Әр дағдыны бастан аяқ түсіндіре отырып, мұғалімдер оқушылардың не істеу керектігін асықпай, нақты көрсетіп береді. Оқушылар сосын ол дағдыларды жасап көрулері керек. Белгілі бір дағдыға қатысты қиындық туындап жатса, олар оқушылар ары қарай жалғастырмас бұрын тағы да көрсетіп берулері керек. Жоғары сынып оқушылары көктемде болатын мюзикл кезінде биді жақсы орындап шығулары үшін мұғалім басынан бастап, оқушылар музыка ырғағымен билеп үйренгенге дейінгі барлық әрекетті көрсетіп береді. Оқушылар әр қозғалысқа жеке-жеке жаттығуы үшін мұғалім биді бірнеше бөлімге бөліп, кейіннен олардың барлығын музыканың сүйемелдеуімен біріктіріп қайталап шығады. Қозғалыс дағдыларына үйретудің кемшілігі білім алушылар көзден таса қалатын әрекет түрлерін бақылай алмайды. Гольф ойнайтын, теннис ойнайтын, футболмен айналысатын, бейсбол қызықтыратын немесе диск лақтыратын адамдар ойынға қатысты көп нәрсені байқай бермейді. Өзінің не істеп жатқанын білмейтін адам кинестетикалық түйсігіне сүйене отырып, оны концептуалдық ерекшеліктермен салыстыруы қажет. Әрекетті қалай орындағаны жайлы пікірдің болмауы білім алуды қиындатады.